

Бекітемін

«Жетісу облысының білім басқармасы» ММ
«Әдістемелік орталығы» КММ директоры
Г.Мухметова

2025 жыл



**«Жаңа мектепке –жаңашыл ұстаз» жас педагогтердің
VII Республикалық байқауының облыстық кезеңін өткізу
ЕРЕЖЕСІ**

1. Жалпы ереже

1.1 Жас педагогтердің әлеуметтік мәртебесін және шығармашылық потенциалын арттыру, инновациялық белсенділіктерін дамыту, әрі қарай қәсіби шеберліктерін жетілдіруіне жағдай жасау, оларды Қазақстан Республикасының білім мекемелерінде бекіту мақсатында «Жаңа мектепке-жаңашыл ұстаз» жас педагогтердің VII Республикалық байқауының облыстық кезеңі өткізіледі.

1.2 Байқаудың міндеттері:

- талантты жас педагогтерді анықтау;
- педагог еңбегінің дәрежесін көтеру;
- жас педагогтердің инновациялық идеяларды және түрлерді іздеу ісін жетілдіру;
- жас педагогтерді дәстүрлі мәдени-білім ортасына тарту;
- педагогикалық қауымға жас педагогтердің жетістіктерін тарату.

1.3 Байқаудың қатысушылары барлық типтегі білім мекемелерінің байқауға қатысуға өтініш берген барлық педагог қызыметкерлері:

- жоғары және қызыметкерлерінің барлық педагог қызыметкерлері;
- білім мекемесінде үш жылға дейін педагогикалық енбек өтілі бар жас педагогтер қатыса алады.

2. Байқау шарттары

2.1 Байқау 2025 жылдың 20 қантарынан бастап 18 сәуір аралығында үш кезеңде өткізіледі.

I кезең – Аудандық: 2025 жылдың 20 қантарынан 20 ақпанына дейін өткізіледі;

II кезең – Облыстық: 2025 жылдың 12 наурызында өткізіледі;

III кезең – Республикалық: 2025 жылдың 14 мен 18 сәуір аралығында өткізіледі.

2.2 III кезеңге қатысушыларды тандауды облыстық білім басқармалары аныктайды

2.3 Республикалық байқаудың облыстық кезеңіне қатысу үшін ұйымдастыру комитетіне төмендегі материалдар жіберіледі:

-байқауға қатысуға үміткерлерді ұсыну туралы байқаудың аудандық, қалалық кезеңіндегі ұйымдастыру комитеті отырысы хаттамасының кешірмесі;

-байқаудың облыстық кезеңіне қатысушылардың үлгі бойынша өтініштері (1 қосымша).

Материалдарды (құжаттарды) 2025 жылдың 10 наурызына дейін jetisu.metod@mail.ru кешіктірмей жіберу талап етіледі.

Косымша сұрақтар бойынша байланыс телефоны: 87714534093 Жанабекова Талишын Даuletқызы

2.4 байқауды ұйымдастыруға және өткізуге үйымдастыру комитеті, байқаудың казылар алқасы құрылады, құрамы мен жұмыс тәртібі әдістемелік орталығының бүйрүгімен бекітіледі.

2.5 Ұйымдастыру комитетіне мына жұмыстар жүктеледі:

- байқаудың үйымдастыру сұрақтары;

- өтініштерді және ұсынылған материалдарды қабылдау;
- өткізу уақыты, тәртібі және байқаудың қорытындысы жөнінде ақпарат дайындау;
- байқау женімпаздарын анықтаудың критерийлерін бекіту.

3. Байқауды өткізу талабы

Бірінші тапсырма – «Жаңа мектепке –жаңашыл ұстаз» тақырыбында эссе жазу (өмірлік ұстаным, кәсіби-жеке тұлғалық позиция, жетекші педагогикалық идеялар). Эссе көлемі – А4 форматында 1-1,5 бет, 14-қаріп, 1.0 интервал (баспа және электрондық түрде).

Екінші тапсырма – «Шығармашылық жолдың бастамасы» тақырыбында өзін-өзі таныстыру (фотопрезентация, бейнепрезентация, аудиожазба, көркемсөз т.б. шығармашылық жолдар арқылы көрсетілуі мүмкін). Яғни байқауга қатысушы өзін таныстырып, мамандығына деген көзқарасын ұсынады. (презентация уақыты 5 минут).

Бағалау критерийлері:

- байқау қатысушысының кәсібілігі мен жаңаша идеяларының ұсынылуы;
- байқау қатысушысының коммуникативті белгілері;
- байқау қатысушысының ақпараттық-коммуникативті технологияны менгеруі.

Үшінші тапсырма – «Сабак». Байқау қатысушылары алдын ала дайындаған сабагын қорғайды (презентация, бейнежазба түрінде). Сабактың тақырыбын құнтізбелік-тақырыптық жоспарға сәйкес (үшінші тоқсанда өтетін тақырыптарды қазақ, орыс және ағылышын тілдерінде) қатысушы өзі анықтайды. Сабакты қорғау уақыты – 15 минутқа дейін.

Бағалау критерийлері:

Мақсаттар мен сабактың құрылымы:

- сабак мақсаттары оку бағдарламасынан алынған оку мақсаттарына сәйкес келеді және нақты оку нәтижелерін көрсетеді;
- сабактың құрылымы оку мақсаттарына қол жеткізуге сәйкес жасалған, бірізді және логикалық реттілікпен құрылған;
- жоспарланған уақыт білім алушыларға түсінік пен дағдыларды менгеруге және мұғалімнің білім алушылардың оку нәтижелерін бағалауыға тиімді жоспарланған.

Оқыту әдістері:

- оқу мазмұнын түсінуге және академиялық және функционалдық дағдыларды дамытуға көмектескенінің дәлелдемелері ұсынылды;
- оқу ресурстары мен цифрлық платформалар арқылы оқушыларды тәжірибелік окуға тартқанының дәлелдемелері жеткілікті ұсынылды;
- оқушылардың жеке және ерекше қажеттіліктеріне сәйкес оқуын қолдау арқылы сабак мақсатына қол жеткізуге көмектескені түсіндірілді;
- формативті бағалау әдістері арқылы оқушыларға қындықтарын женуге көмектескенінің дәлелдемелерін ұсынды;

Тапсырмалар:

- тапсырмалар сабак мақсаттарына сәйкес әзірленген;
- функционалдық сауаттылық дағдыларын дамытуға ықпал еткенінің дәлелдері ұсынылды;
- тапсырмалар білім алушылардың жеке немесе ерекше білім беру қажеттілкітері ескере отырып құрылған;

Оқыту дағдылары:

- сұрақ кою және бақылау арқылы барлық оқушылардың түсінгенін тексере алады;
- оқушыларға қажеттілігіне қарай нақты нұсқаулық береді және түсінгендерін бақылай алады;
- оқушылардың назарын аударады және өзін тыңдата алады;
- сыныптағы тәртіп пен мінезд-құлықты тиімді басқара алады.

Байқау нәтижесі әр тапсырма бойынша 10 ұпаймен бағаланады.

4. Байқаудың көртүнүйсін шығару, женімпаздарды марапаттау

4.1 байқаудың әрбір катысушысына сертификат беріледі.

4.2 байқау женімпаздары I,II,III дәрежелі диплом және грамоталарымен марапатталады.